


ЭКОНОМИКАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ СУБЪЕКТИЛЕРІ МЕН ОБЪЕКТИЛЕРІ



- Мемлекеттік реттеудің методологиялық негізін ұзақ мерзімді болжамдар мен әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары құрайды. Солардың ішінде мемлекеттік реттеудің объектісі болуы тиіс басым стратегиялық мәселелер баршылық. Олардың негізгілерін атап көрсетейік:
 1. Экономиканы дамытудың жаңа концепциясы адам факторын алдыңғы қатарға шығарады. Адами әлеуетті қалыптастыру ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. «Адами дамытуды қаржыландыру ұзақ мерзімді инвестициялардың ең тиімдісі екендігін әлемдік тәжірибе көрсетіп отыр. Бұл стратегияны жүзеге асыру Қазақстанның демографиялық дамуымен тікелей байланысты. ҚР Президентінің 2015 жылға қарай Қазақстан халқының санын 20 миллион адамға жеткізу туралы бастамасы адам факторының ұлттық экономиканы дамытудың негізгі ұстанымдарының біріне айналғандығының айғағы болып табылады.
 2. Экономикалық өсу - ол ғылыми-техникалық прогресс, инновациялар (жаңалықтар), өндірістің негізгі факторларының ғылыми сыйымдылығын арттыру. Дамыған елдердегі жаңа технологияларға енгізілген жаңалықтар үлесіне ішкі жиынтық өнім (і. ж. ө.) өсімінің 70 тен 85% дейінгісі тиетін көрінеді. ХХІ ғасыр ғылым мен жоғары технологиялардың, қатаң халықаралық технологиялық бәсекелестік ғасыры болмақ. Әлемдік рыноктағы ғылыми сыйымды өнімдегі өнеркәсібі дамыған жеті елдің үлесі 80-90% болып отыр және сол өнімдердің экспорты да өсіп өркендеген мемлекеттердің құзырында қалған жайы бар. Ал, Қазақстанның ғылымды қажетсінетін өнімдегі үлесі жоққа тән. Еліміздің индустриялық инновациялық даму стратегиясына сәйкес, сондай-ақ өндірістік және шикізаттық базасы мен кәсіби деңгейі өсу үстіндегі кадрлардың болуын ескере отырып, әлемдік деңгейдегі, яғни бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру біз үшін де жақын болашақтың ісі болуы тиіс.

- 3 Өндіргіш күштерді орналастыру. Мұның өзі ұзақ мерзімге арналған мемлекеттік реттеуді қалайтын стратегиялық мәселелердің ең маңызды дегендерінің бірі болып табылады. Аумақтық-шаруашылық үдерістерді реттеудің маңызды құралына өңірлерді әлеуметтік-экономикалық дамытудың мақсатты бағдарламалары жатады. Өңірлерді (аймақтарды) дамыту бағдарламалары орталыққа проблемалық аумақтар мәселесіне арнайы жобалар жасауға көмектеседі де ағымдағы міндеттерді стратегиялық мақсаттар аясында қарастыруға мүмкіндік береді.
- 4 Экологиялық фактор-өңірлік және стратегиялық экономикалық шешімдер қабылдау үдерісінің маңыздыларының бірінен саналады. Әлемнің көптеген елдерінде экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздікпен қатар қойылып, стратегиялық мәнге ие болып отыр. Ресурстық әлеуетті тиімді пайдалану үшін экономикалық дамудың ресурс сақтаушы типіне көшу қажеттілігі туындайды. Қазақстанның қуатты ресурстық әлеуеті өсу үстіндегі экономиканы мейлінше тұрақтандырудың кепілі болып табылады. Экономикалық дамудың жаңа стратегиясы Қазақстанды дамушы мемлекеттер қатарынан дамыған мемлекеттер қатарына қосудың жасампаз жобасы екендігіне мемлекеттің қазіргі ұстанымдары мен шаралары кепіл бола алады.

○ Мемлекет ықпалында болатын негізгі объектілер мыналар:

- Ұлттық шаруашылықтың салалық, өңірлік, ұдайы өндірістік және әлеуметтік құрылымдары;
- Экономикалық цикл;
- Жұмыспен қамту;
- Өмір сүру деңгейі;
- Білім беру және кадрларды даярлау;
- Ақша айналымы;
- Ғылыми-зерттеу жұмыстары және инвестициялар;
- Төлем балансы;
- Әлеуметтік сфера, еңбек қатынастары, халықты әлеуметтік қолдау механизмі;
- Қоршаған орта;
- Бағалар, антиинфляциялық үдерістер;
- Экономиканың мемлекеттік секторы;
- Қаржы ресурстары және бюджетаралық қатынастар;
- Мемлекетсіздендіру, жекешелендіру, демонополизациялау;
- Экономиканың әртүрлі салаларындағы меншік формалары;
- Сыртқы экономикалық іс-әрекеттер және т.б.

ЭКОНОМИКА ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ҚҰРАЛДАРЫ.

- Экономикалық қызметтерді жүзеге асыру үдерісінің мемлекет алдында тұрған міндеттерді шешу үшін мемлекет өкімінде бірнеше құралдар болады. Олардың ішіндегі маңыздыларына – қазыналық және қаржылық саясат, әлеуметтік саясат пен табыстарды реттеу саясаты; сыртқы экономикалық саясат және т.б. жатады.

ЭКОНОМИКА ДАМУЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ МАҚСАТТАРЫ.

- Экономика дамуын мемлекеттік реттеу-дің ең басты мақсаты - экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық, шетелде және елдің ішінде қоғамдық құрылымды нығайту. Осы басты мақсаттан иерархиялық тәуелділікте болатын көптеген нақты жағдайлар пайда болады. Бұл нақты мақсат, яғни экономикалық кезеңді тегістеу объектісіне бағытталған. Шаруашылықтың салалық және аймақтық құрылымын жетілдіру секторлық, салалық және аймақтық құрылымға бағытталған. Көбіне жеке мақсаттарға дараланып қол жеткізу мүмкін емес.

ЭМР-дин экономиялык адистері болып табылат

Мемлекеттік реттеудің негізгі адистері

Негізгі түрлері:

Төте мемлекеттік реттеу адиси

Жанана мемлекеттік реттеу адиси

Негізгі нысандар

Мақсатты қаржыландыру

Ақша-несие адистері

жолдары жолдары:

- кәсіпорындарды дотациялау;
- ғылыми-техникалық бағдарламаны қаржыландыру;
- ашытын күрес, экологияны қаржыландыру;
- әлеуметтік ортаны қаржыландыру

- есеп ставкасы,
- бағалы қағаздар нарығындағы операциялар;
- міндетті резервтер нормасын белгілеу
бюджеттік-салық адистері

Жолдары Жолдары



- Экономиканы мемлекеттік реттеу қызметінің басты сатысы әлеуметтік-экономикалық болжау мен жоспарлау
Экономикалық болжаудың мәні және ғылыми-методологиялық негіздері. Болжаудың қағидалары мен әдістері. Халық шаруашылығын кешенді болжауды жасақтауды ұйымдастыру және оның теориялық негіздері. Болжаудың жасақталу мерзімі, функционалдық блоктары мен ірілендіру деңгейіне байланысты түрлері. Өсіңкілік қатардың орташа көрсеткіштері, есептеу тәсілдері және статистикада қолданылуы. Өсіңкілік қатарларды талдау тәсілдері: қатарлар дәрежесін салыстыру, бір негізге келтіру, үздіксіздендіру. Мемлекеттің ұлттық бағдарламалары экономиканың басыңқы бағыттарымен дамуының мемлекеттік стратегиясын іске асыру негізі мен халық шаруашылығы жоспарының құрамды бөлігі ретінде.

- мемлекеттік реттеудің әлеуметтік бағдары
жүзеге асырылады

- өндіріс құралдары меншік иелері мүдделері ғана емес, сондай-ақ
шар-қ жүргізудің басқа да қатысушыларының, соның ішінде
материалдық рухани игіліктерді тікелей өндірушілер мүдделері
негізгі нысандар

- мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру
- мемлекеттік қамқорлық

негізгі құралдар

- тауар және қызметтерді үкіметтік сатып алу;
- экономиканың мемлекеттік секторымен тауар және қызмет өндіру;
- жұмыссыздық, әлеуметтік сақтандыру және жекелеген азаматтарды
қамсыздандыру жөнінде трансфертті төлемдер

негізгі көздер

- салық салу
- мемлекеттік меншік мүмкіндіктері

- Мемлекеттік реттеудің ұлттан тыс маңызды субъектісіне ортақ мақсат біріктірген ұлттық мемлекеттер қауымдастығы жатады. Олар өздерінің іс-әрекетінде реттеудің жалпыға бірдей, ортақ механизмдерін қолданады. Мысалы, қуатты интеграциялық жүйе негізіндегі Еуроодақ елдерінде бірыңғай валюта «Еуро» пайдаланылады.
- Жалпы, экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімділігін екі жақты бағалауға болады. Бір жағынан мемлекетті ұлттық мүдделерді білдіруші, әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеуші, рынок субъектілерінің қызметін үйлестіруді міндеттейтін заңдық актілерді қабылдаушы тұрғысынан бағалайтын болсақ; екінші жағынан - ірі меншік иесі, рынок субъектісі тұрғысынан бағалау орынды деп санауға болады.
- Экономиканы мемлекеттік реттеудің Қазақстанға қатысты критеріі түпкі мәнінде халықтың әл-ауқатын жоғарылату дәрежесі арқылы бағаланатын өндіргіш күштердің дамуы болуы қажет. Бұл жалпылама критериді, нақтылайтын болсақ, онда экономикалық өсу, экономиканың басқарылу деңгейі, еңбек өнімділігінің артуы, ресурстарды үнемдеу т.с.с. критерилерді қарастырар едік. Соңғы уақыттардағы үрдістерге сәйкес осы аталған критерилердің қатарына елдің экономикалық қауіпсіздігі мәселелерін де жатқызу керек.
- Қазақстанда орын алып отырған экономиканы диверсификациялау жағдайында мемлекеттің реттеуші ықпалы арта түспек, себебі дамуы әлі де болса қиыншылықтарға тап болып отырған рынок өздігінен өндіріс мәселелерін, әсіресе әлеуметтік сфера проблемелерін шешуге мүлдем қауқарсыздығын көрсетіп келеді. Бұл жағдайды реттеу бойынша мемлекеттік саясат қалыптасқан ситуацияға сәйкес жаңа әдістер арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Трансформациялық кезең аяқталып, Қазақстан тұрлаулы дамудың жаңа сатысына көтерілгенде ғана мемлекеттің экономикаға араласуы дамыған капиталистік елдердегідей индикативтік жоспарлауға, циклдық толқуларды (тербелістерді) бәсеңдетуге бағытталған функциялар және міндеттермен шектелуі тиіс.
- Экономикаға теріс әсерлердің күшеюі кезінде оған мемлекеттің ықпалы да арта түседі. Елдің бірқалыпты дамуы және дағдарыстың жоқ кезінде мемлекеттің экономикаға әсері қысқара түсіп, рыноктың басқа да субъектілері тәрізді мемлекеттің әрекеті де ұзақ мерзімді бағдарламалар аясында жүзеге асады.